

«EXPO-2017 балалардың көзімен» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «EXPO-2017 балалардың көзімен» республикалық шығармашылық интернет-байқауын (бұдан әрі – Байқау) мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балалардың экологиялық мәдениетін және жаһандық проблемаларына белсенді өмірлік позициясын дамыту.

3. Міндеттері:

1) «Жасыл экономика» саласында балалар шығармашылығын көпшілікке тарату;

2) экологиялық ойлау мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту;

3) көркем-дарынды, шығармашылықпен ойлайтын балаларды анықтау және қолдау;

4) балалар жұмыстарының көркемсурет қорын қалыптастыру.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 7 маусымға дейін** expo17konkurs@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

7. **2017 жылғы 7 маусымнан кейін** түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқау қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары мен қатысушылардың сертификаттары www.ziyatker.org сайтына **2017 жылғы 23 маусымда** орналастырылады.

8. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

9. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін – **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
(резидент).

БИН 990140004733

ИИККЗ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы аталуы: «**ЕХРО-2017 балалардың көзімен**» байқауы.

11. Байқауға қатысу үшін expo17konkurs@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы түбіртегі немесе төлем тапсырмасы;
- 3) байқау жұмысы.

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

12. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 4-17 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша жүргізіледі:

- 1) 4-7 жас;
- 2) 8-10 жас;
- 3) 11-14 жас;
- 4) 15-17 жас.

13. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

1) «Болашақ энергиясы» үздік сурет». Байқау жұмыстары кез-келген форматта, орындау техникасында орындалады (бояулар, түрлі-түсті қарындаштар, фломастер, пастель және басқа). Аяқталған суреттердің фотосуреттері. Жұмыстың қысқаша сипаттамасы және аталуы болуы тиіс. (сипаттамада орындау техникасын, пайдаланылған материалдарды және т. б. көрсету қажет).

Байқауға ұсынылған жұмыстар суретке түсіріледі және JPEG форматтарда электронды түрде жіберіледі. Суреттер кезеңмен орындалған жұмысты бейнелеуі керек. Суреттің көлемі 4 данадан кем болмауы тиіс. Графикалық файлдың мөлшері 2 мегабайттан аспауы тиіс.

2) «Қазіргі заманғы энергия көздері» баламалы модельдер мен макеттердің конструкциясы туралы презентацияның бірыңғай стилін ресімдеп, тақырыпқа сәйкес компьютерлік анимация арқылы – 10 слайдтан артық емес (тақырыптың шрифті – 24-тен кем емес, ақпарат кемінде 16) болу қажет.

3) «ЕХРО-2017 моделі» байқауға тиісті тақырыпқа ғылыми-техникалық бағыттағы кез келген шығармашылық жобалар қабылданады (дәстүрлі емес энергетика конструкциясының моделдері: күн, жел және т.б.)

Техникалық сипаттама мен жобаларды сипаттай отырып, бес фотосурет (бір беттен аспауы тиіс).

14. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады.

15. Байқау жұмысының титул парағын толтыру тәртібі.

Байқау жұмысының титул парағында көрсетілуі тиіс:

облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау, номинация, жұмыс аталуы;

автордың аты-жөні, жасы;

сыныбы, курсы, оқу орны, e-mail;

жетекшінің аты-жөні, тегі;

педагогтің лауазымы және жұмыс орны.

16. Байқауға бір немесе бірнеше номинацияда жұмыстар қабылданады, бір қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс. Төлемақы әр номинацияға бөлек жұмыс ретінде төленеді

17. Байқау қорытындысының соңында жеңімпаздардың ең үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

18. Байқау жұмысын бағалау өлшемдері:

байқаудың тақырыбына, мақсатына, міндеттеріне сәйкестігі;

көркем мәнерлілігі;

ресімдеудің сауаттылығы және ұқыптылығы;

материалды ұсынудағы шығармашылық көзқарас;

тақырыптың толық ашылуы;

фотосуреттердің эстетикалығы және мазмұндылығы;

автордың шығармашылық жас деңгейіне сәйкестігі;

презентацияның әсерлілігі.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды анықтау

19. Байқау қорытындысы бойынша Әділқазы мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

20. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> арқылы жүктеп алу мүмкіндігімен www.ziyatker.org сайтында орналастырылады. Анықтама телефондары: 8(7172)72-98-99 («EXPO-2017 балалардың көзімен» байқауы). Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «EXPO-2017 балалардың көзімен» байқауы → әрі қарай.

**Қашықтықтан өткізілетін республикалық интернет-байқауға
қатысу туралы ұсыным**

Қатысушының аты-жөні Қатысушының жасы	Облыс, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының аталуы	Байқаудың, номинацияның, жұмыстың аталуы	Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)	Жетекшісінің аты-жөні
1	2	3	4	5